

Оқу жаттығулар өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 10 қыркүйектегі N 301

"БҰҰ-ның қамқорлығымен көп ұлтты күштерді тарта отырып Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы бітімгерлік батальонының оқу-жаттығуларын әзірлеу мен өткізу туралы" Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Мемлекетаралық кеңесінің 1996 жылғы 23 тамыздағы шешіміне сәйкес 1997 жылдың 15-21 қыркүйегінің аралығында "Ортазбат - 97" бітімгерлік оқу-жаттығулары өткізіледі, оның бірінші кезеңі 15-17 қыркүйекте Қазақстанда, екінші кезеңі 18-21 қыркүйекте Өзбекстанда өткізіледі.

Аталған оқу-жаттығуларын табысты өткізу үшін, сондай-ақ өткізілетін шаралардың халықаралық саяси және әскери мәнін, және оқу-жаттығуларына қатысу үшін өз аумағына достас мемлекеттердің әскери құрамаларын шақырған біздің мемлекетіміздің ерік-жігерін ескере отырып:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті көп ұлтты күштердің әскери құрамымен бірге немесе бөлек келген және оқу-жаттығуларын әзірлеу мен өткізу үшін пайдаланатын қару-жарақты, әскери техниканы, мүліктер мен материалдарды, басқа да заттарды Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өту кезінде кедендік ресімдеуден (кеден төлемдерін алусыз және лицензиясыз, оңайлатылған тәртіппен транзит режимінде) өткізуді қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің ұсынуымен оқу-жаттығуларына қатысушыларға және шақырылған ерекше маңызды адамдарға консулдық алымдарды алмай визаларды ресімдеу жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі оқу-жаттығулары бірінші кезеңінің шараларын өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті және көп ұлтты күштердің әскери техника колоннасының оқу-жаттығу міндеттерін орындау кезінде кедергісіз жүруін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр